

9. Семей ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарға қандай көмектер көрсетіледі?

Облыс бойынша Семей ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарға жергілікті өкілетті органдардың шешіміне сәйкес, жергілікті бюджет есебінің мүмкіндігіне қарай, атаулы және мерекелік күндерге төленетін біржолғы әлеуметтік көмек және коммуналдық қызметтерді өтеу үшін төленетін айналымға әлеуметтік көмек қарастырылған.

Облыс бойынша аталмыш әлеуметтік көмектің түрлері ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға ғана көрсетіледі.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 4 тамыздағы №204 қаулысымен бекітілген «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет Батыс Қазақстан облысының аудандары және облыстық маңызы бар қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №68 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №279 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 3 наурызда №13369 тіркелді) бұйрығымен бекітілген «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсетіледі.